

Қымбатты түлектер!

Құрметті ата аналар, ұстаздар және қонақтар!

Баршаңызды бүгінгі «**Соңғы қоңырау**» мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мерекені оқушы, мұғалім және ата-аналардың 11 жыл бойғы білім жолындағы атқарған еңбектерінің ортақ жемісі деп білеміз.

Құрметті түлектер!

Бүгін Сіздер орта мектепті тәмәмдап, арман жетегінде сан тарапқа тарап, үлкен өмірге қанат қаққалы тұрсындар. Біз Сіздерді бүгінгі жастардың бойында болу керек құндылықтарға тәрбиелей отырып, отаншыл, қазақстандық патриоттық сезімі қалыптасқан, білім бәсекесіне төтеп бере алатын, санасы ашық, халқымыздың рухани-адамгершілік құндылықтарын бойына сіңірген, бүгінгі жылдам өзгеріп жатқан заманда инновациялық өзгерістерге дайын тұлға болуға бейімдедік.

Сіздер еліміздің ертеңін құратын жалынды жастарысыздар. Мемлекет басшысы өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасау қажеттігін айтып, биылғы жыл «Балалар жылы» деп жариялауы жас ұрпаққа көптеген мүмкіндіктер береді. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық, бұл – біздің жалпыұлттық міндетіміз» деп атап өтті.

Биыл мектеп-гимназияны 66 түлек бітіріп отыр. Соның ішінде 11 жыл бойғы оқу еңбектерінің арқасында:

Үш түлегіміз – Аймағамбетова Мадина, Иратова Ару, Мағзомова Дильназ «**Алтын белгіге**»,

үш түлегіміз – Басанбаева Назира, Гайсағалиева Диана, Тынышкалиева Адина «**Үздік аттестатқа**» үміткерлер болып отыр.

Құрметті ұстаздар!

Бүгінгі мерекеде Түлектерге сапалы білім беріп, өмірлік ұстанымдары мен адамгершілік негіздерін қалыптастыруда адал да, жемісті еңбектері үшін ерекше алғысымды айтамын.

Құрметті ата - аналар!

Сіздерді бүгінгі тамаша қуаныштарыңызбен құттықтай отырып, бізбен бірге болған талай талай кездеріңіз, қолдауларыңыз үшін рахмет айтамын.

Сіздер күрделі кезең алдында тұрсындар. Балаларыңыз университет пен мамандық таңдау секілді маңызды қадам жасау алдында тұр. Сондықтан балаларыңызға дұрыс қолдау көрсетіп, болашақта қажет болатын мамандықты тізгіндеулеріңізге тілектеспіз.

Құрметті түлектер!

Сіздер өмір бойы өсірген, оқытып, тәрбиелеген ұстаздарыңыздың, ата-аналарыңыздың сіңірген ұшан теңіз еңбектерін жүректеріңізде ерекше құрметпен сақтап өтеді деп сенемін.

Алда тұрған мемлекеттік аттестациядан, ҰБТ сынағынан сәтті өтулеріңізге тілектеспіз.

Қадам басып отырған жаңа өмір жолында Сіздерге бәсекеге қабілетті білім, креативті көзқарас, шығармашыл ой-өріс өмірлік серіктеріңіз болсын.

Баршаңызға сәт сапар, ақ жол тілеймін!